

*Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің
2024-2025 оқу жылындағы 9«а» сыныбының тәрбие
жұмысының жылдық есебі:*

Сыныпта - 23 оқушы бар. Оның -- 10 ұл бала, 13-і қыз бала. 2024-2025 оқу жылында жыл басынан сынып оқушыларын Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 6 құндылық және қауіпсіздік сабақтары (10 мин) бойынша кешенді жоспар бекітілді.

6 құндылық барысында:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастырдым;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиеледім;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыттым;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиеледім.

Қауіпсіздік сабақтары (10 мин) тәрбие сағаттарына кіріктіріліп өтілді.

Жоспарланған жұмыстар өз уақытында өткізілді.

Атап айтқанда.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталды:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

I. Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Мақсаты: Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті дамыту арқылы үздіксіз жетіліп, өз саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізу. Бұл құндылықтың мақсаты – әр адамды табанды еңбек етуге, жауапкершілікпен жұмыс істеуге, жаңа білім мен дағдыларды игеруге ынталандыру. Нәтижесінде, тұлғаның кәсіби деңгейі өсіп, қоғамда және ұжымда сенімді, білікті маман ретінде танылуына ықпал етеді. Өткізілген тәрбие сағаттар

- «Менің – Отаным Қазақстан!»
- «Мен және менің отбасым»
- «Буллингтен қорған!»
- «Еңбегі адал жас өрен» жобасы
- «Еңбек түбі береке»
- 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
- «Көңілді старттар»
- «Өмірге салауатты кадам»
- «Буллингтен қорған!»

II. Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Мақсаты: Жас ұрпақтың бойында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастыру, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру, ұлттық сананы оятып, отаншылдық рухқа тәрбиеледік. Өткізілген тәрбие сағаттар

- «Қамқор» жобасы
- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет.

- «Даналық ұстаздан»
- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»
Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні»
- «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажайып ел!»
- «Ынтымақ- достық кепілі»
- «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар»
- «Буллингтен қорған!»
- «Білімім – Отаныма!»
-

III. Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Мақсаты: Қоғамда әділдік пен жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру арқылы адамдар арасында сенім мен өзара сыйластықты нығайту. Әділ шешім қабылдауға және өз іс-әрекеттеріне жауапты болуға тәрбиелеу. Өткізілген тәрбие сағаттар

- «Еңбегі адал жас өрен» жобасы
«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»
- 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны»
- «Буллингтен қорған!»
- «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет»

4.Құндылық: бірлік және ынтымақ

Мақсаты: Оқушыларға бірлік пен ынтымақтың маңыздылығын түсіндіру, қоғамда бейбітшілік пен татулықты сақтау үшін әр адамның үлесі қажет екенін ұғындыру, бір-біріне құрметпен қарап, ортақ мақсаттарға бірге жетуге тәрбиелеу. Өткізілген тәрбие сағаттар

- «Қамқор» жобасы
«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы
- Буллингтен қорған!»\ «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі
- Ойынға салауатты көзқарас
- «Бірлік және ынтымақ» құндылығы
- «Таңғажайып жаңа жыл»

5.Құндылық: заң және тәртіп

Мақсаты: Оқушыларға заңға бағынудың маңыздылығын ұғындыру, тәртіптілікті сақтау арқылы әділетті және қауіпсіз қоғам құруға үлес қосу қажеттігін түсіндіру. Оларды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу, өз құқықтары мен міндеттерін білуге және құрметтеуге үйрету. Өткізілген тәрбие сағаттар

- «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»
- «Буллингтен қорған!»
- «Арам мен адал, обал мен сауап – ұлтымыздың ұстанымы»
- «4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»
- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»

6.Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жаңа идеяларды ұсыну және жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың жаңашыл көзқарасын қолдау. Сонымен қатар, заманауи технологиялар мен әдістерді тиімді қолдануға ынталандырып, болашаққа бағдарланған, жаңашыл ойлайтын тұлға тәрбиелеу.

- Қауіпсіз қоғам
- «Имандылық – адамгершілік пен ізгіліктің тірегі»
- «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»
- «Алғыс – ізгі ниет»
- «Ананың аялы алақаны»

➤ «Наурыз – жыл басы»

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• **«Апта дәйексөздері»** – сыныпта оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылды және түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде оқушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. өткізілді.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі барысында шақырылып жұмыс жасалды.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірленді

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын болды.

• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беріп бірге кіріктіріп өткіздім.


Өткізілген қауіпсіздік сағаттары. 10 тақырып жыл ішінде 3 рет қайталанып өткізілді.

Қауіпсіздік сабағы (10 минут)

Ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім. Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төңірегінде жеке және топтық кездесулер өткіздім.

Сыныпта өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың уақытында өткізілуі нәтижесінде құқық бұзушы бала, ата-ана жоқ.

Нәтиже: Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Мен оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқадым.





SWOT талдау: Біртұтас тәрбие жүйесі

Күшті жақтары

- ☒ Тәрбиенің барлық бағыттарын қамтитын кешенді көзқарас (рухани-адамгершілік, зияткерлік, еңбек, патриоттық, экологиялық, т.б.).
- ☒ Оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған.
- ☒ Мектеп, отбасы және қоғам арасындағы байланысты нығайтады.
- ☒ Ұлттық құндылықтарға негізделуі – ұлттық сана мен мәдениетті сақтауға ықпал етеді.
- ☒ Балаға бағытталған (личностно-ориентированный) тәсіл.

Әлсіз жақтары

- ☐ Мұғалімдердің бәрі бірдей жаңа жүйеге дайын емес, кәсіби қайта даярлық қажет.
- ☐ Тәрбие жұмысына бөлінетін уақыт пен ресурстар шектеулі.
- ☐ Әртүрлі әлеуметтік орталарда жүзеге асыруда қиындықтар туындауы мүмкін (қала мен ауыл айырмашылығы).
- ☐ Нәтижелерді өлшеу мен бағалаудың нақты критерийлерінің болмауы.

Мүмкіндіктер

-  Мемлекеттік бағдарламалар мен қолдаулар арқылы тәрбие жүйесін дамыту.
-  Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы тәрбие жұмысын жаңғырту.
-  Отбасымен және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастықты тереңдету.
-  Заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістерді енгізу.

Қауіп-қатерлер

- ☐ Қоғамдағы кейбір әлеуметтік мәселелер (құндылықтар дағдарысы, жастар арасындағы агрессия, т.б.).
- ☐ Білім беру жүйесіндегі жиі өзгерістердің тұрақсыздыққа әкелуі.
- ☐ Интернет пен әлеуметтік желілердің теріс әсері.
- ☐ Ата-аналардың тәрбие процесіне қатысуының төмендігі.

Сынып жетекшісі:  Г.Т.Тышимова